

Бірінші курс студенттері арасында "Қазақстанның оң имиджін құрудағы ҚР Тұңғыш Президентінің рөлі" тақырыбында презентациялар байқауы

2016 жылдың 17 қарашасында бірінші курс студенттері арасында "Қазақстанның оң имиджін құрудағы ҚР Тұңғыш Президентінің рөлі" тақырыбында презентациялар байқауы өтті. ИС 16-1п, Рэт 16-2, Ст 16-2п топтарының студенттері презентациясын 3 тілде (орыс, ағылшын, қазақ) ұсынды. Қазақстан Республикасының қалыптасуының жинақталған тарихи тәжірибесі алға қойылған ауқымды мақсаттардың тереңдігі мен маңыздылығын көрсетеді, онда реализм мен прагматизм, дәйектілік пен төзімділік тығыз байланысып отырады. Әрине, бұл міндеттерді шешу жас мемлекет басында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың болғандығының арқасында мүмкін болды. Қазақстан Президентімен айқындалған елдің бейбіт өмір сүруге және көрші мемлекеттермен, әлемнің басқа мемлекеттерімен көпполярлы әлемнің жаңа жағдайларында ынтымақтасуға арналған стратегиялық бағыты Қазақстанның халықаралық қатынастарын орнату мен кеңейтудің, мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін бекітудің нәтижесі және құралы болды. Жер шарының көптеген бөліктерінде дәл осы салиқалы саясаттың арқасында қазіргі Қазақстанды танимыз. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, қаржылық, заңнамалық салалардағы жедел табыстары, посткеңестік кеңістіктегі көшбасшы-мемлекеттердің бірінің мәртебесіне қол жеткізуі Қазақстан ұлтын ішкі және сыртқы міндеттерді шешуге шоғырландыру жөніндегі тамаша ұйымдастырушылық қабілетін көрсететін мемлекет басшысының осы үдерісте ерекше рөліне сенімділікті күшейтеді. Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы Н.Ә. Назарбаевтың атынан бөлінбеуі кездейсоқ емес. Өйткені, сыртқы саяси мәселелер өз бетімен шешілмейді, ол үшін сыртқы саяси идеялар генераторы қажет. Посткеңестік кеңістікте өмір бастаған жас мемлекет үшін әлсіз емес, қуатты, адаспайтын және агрессивті емес, дәйекті, мақсатты, көпвекторлы сыртқы саясат қажет болды, және ол Қазақстан Президентінің басшылығымен құрылған және жүзеге асырылып жатыр. Егемен Қазақстанның қалыптасуының басында Президент Нұрсұлтан Назарбаев басты қағидатты ұсынды: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты оның ішкі саясатының ұсынысы, қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлттық қауіпсіздікті сыртқы саяси қамтамасыз етудің құралы, елдің одан әрі экономикалық, әлеуметтік, зияткерлік және мәдени дамуы мен реформалануы үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау. Осы қағидатқа сүйене отырып, біз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының сапалық деңгейіне жақындады. Экономиканы әртараптандыруда, оның инновациялық-технологиялық жанаруында алға жылжу бар.

Қазақстандық сыртқы саясат Мемлекеттік шекараның барлық периметрі

бойынша көршілес елдермен біздің қарым-қатынасымызды құру доктринасына, аса басымдыққа және таяудағы жылдарға біздің мінез-құлқымыздың тұрақтылығына негізделгенін атап өткен маңызды. Сыртқы саясаттың көп векторлығы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасында бекітілгенін ерекше атап өткен жөн. Бұл принцип мынаны білдіреді: әрбір вектор біз үшін өзіндік бағаланған, қандай да бір қарама-қайшылықтар, схемалар және т.б. алып тасталған. Бір серіктестердің басқаларына қарсы ойнауы жұмсақ айтқанда, орынсыз және Қазақстанның ұлттық мүдделеріне жауап бермегендігі болар еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - Шығыс дипломатиясының өнерін жақсы білетін және меңгерген посткеңестік кеңістіктегі саясаткерлердің бірі, ең үздік келіссөзші және сенімді серіктес болып табылады. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев посткеңестік кеңістікте нақты интеграциялық құрылымдарды құрудың басты жақтаушысы болып табылады. Әңгіме посткеңестік кеңістікте ортақ интеграциялық құрылымдарды құру туралы болып отыр, бұл Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) құру туралы ұсыныс түрінде доктриналы ресімделген. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы да белсенді жұмыс істейді, ол посткеңестік кеңістіктегі басталған интеграциялық процестерді кең халықаралық дәлізге әлеуетті түрде шығарады. Біздің дипломатиямыздың қолда бар бағыттардағы позитиві - бұл біздің мемлекет басшысы таңдаған және бекіткен сыртқы саясат векторын едәуір дәрежеде бағалау.

Бүгін Қазақстан Мемлекет басшысы ұсынған әлеуметтік-экономикалық жаңғырту саясатын жүзеге асыруға кірісуде. Жаңғырту мақсаты - қоғамды жаңа индустриялық-инновациялық экономика жағдайында өмірге дайындау, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен азаматтарды қоғамдық игіліктермен кеңінен қамтамасыз ету арасындағы теңгерімді қолдау. Құқық пен әділеттілік қағидаттарына негізделген әлеуметтік қатынастарды бекіту. Қазақстанның сыртқы саясаты осы ұлы міндеттерді тиімді іске асыруға, "Қазақстан-2050" Стратегиясын сөзсіз орындауға ықпал ететін сыртқы саяси жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың рөлінің артуы Қазақстанның жаңғыру үдерісінде ұлтаралық бейбітшілікті сақтауға ықпал етеді, қоғамдағы тұрақтылықты қолдайды, сондай-ақ, демократиялық өзгерістерді жүргізуді қамтамасыз етеді. Президенттік Институт демократияны құру процесіне тең құқылы қатысу мүмкіндігін түрлі ұлттардың өкілдеріне ұсына отырып, қоғамды көпұлтты негізде шоғырландыруға ықпал етеді. Тәуелсіз демократиялық Қазақстанды құрудағы өз рөлін ұғыну Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтудағы маңызды қағидаттардың бірі бола табылады және бұл фактор президенттік институттың жұмыс істеуіндегі басым бағыттардың бірі болып алға шықты.



